

ӘДЕБИЕТ

1 ҚР Заңы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру» туралы №185. 23.05.2007.

2 Абленов Д.О. Аудит негіздері. – Алматы: Экономика. 2005.

3 Назарова Н.А. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп. – Алматы: Экономика, 2005.

4 Толпаков Ж.С. Бухгалтерлік есеп. I бөлім. – Қарағанды: «Қарағанды полиграфиясы» АҚ, 2009.

Резюме

В условиях рыночной экономики арендные отношения получили очень широкое развитие.

Временно неиспользуемые здания и сооружения, торговые, складские, и другие помещения, оборудование и транспортные средства организация имеет право сдать в аренду другим предприятиям по действующим ставкам арендной платы.

Conclusion

Under the conditions of market economy rent relations got a very extensive development. The organization has the right to lease a temporarily unused buildings, trading, warehousing, and other facilities, equipments and transport devices to other enterprises under the existing rental rates.

**НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА МЕКЕМЕНІҢ
КЕЗЕҢ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН
ШЕШУДЕГІ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ РОЛІ**

Әлімова Н.Ж.

Еліміздің нарықтық экономика жағдайында саудамен шұғылданатын мекемелер мен кәсіпорындардың негізгі міндеттерінің бірі – шығындардың тиімділігін арттыру, өз шығынын өзі өтеуді қамтамасыз ету және табыс табу, әрі мұнымен қоса халыққа сауда қызметін керсетуді жақсарту, сауда мәдениетін көтеру және сатып алушылардың сауда жасауға кететін уақытын үнемдеу болып табылады.

Кезең шығындарының тиімділігі олардың сомасының өнім (тауар) оралымына қатынасы пайызбен көрсетіледі (шығындар деңгейі). Сонымен қатар, бұл қорларды пайдалану көрсеткіш-теріне сәйкес және шығындардың қайтарымын керсететін кері шама ретінде өнім (тауар) оралымы көлемінің шығындар сомасына қатынасы түрінде көрсетіледі. Осыған қарағанда, кезең шығындарының, тиімділігін арттыру мекемелердің материалдық, еңбек пен қаржылай қорларды ең аз мөлшерде жұмсап өнім (тауар) оралымының көлемінің өсуін көрсетеді.

Кезең шығындарының тиімділігін арттыру мәселелерін шешуде бухгалтерлік есеп аса маңызды роль атқарады. Ол негізгі ақпарат көзі және экономикалық мәліметтерді жеткізуші болып табылады және де барлық өңделетін экономикалық ақпараттың 90%

бухгалтерлік есептің үлесіне тиеді. Бірақ атап өту керек, қай есеп – бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік – болсын өзінің шығындарды азайта алмайды, тек қана талдау мақсаттарын орындау үшін тиісті жағдайлар туғызады, оның мағынасы шығындарды қайтсе азайту емес, олар шығындардың тиімділігін арттыру жолдарын іздеуге көмектеседі. Сондықтан бухгалтерлік есептің – негізгі ақпарат көздері ретінде – кезең шығындарының тиімділігін арттыру мәселелерін шешудегі ролі, ең алдымен, шаруашылық құралдардың және оларды қаржыландыру көздері немесе міндеттемелер және меншікті капиталды, сондай-ақ мекемелердің қаржылық-шаруашылық қызметін жан-жақты көрсететін экономикалық қорытынды көрсеткіштері туралы жеткілікті толық, экономикалық негізделген және ең шынайы ақпарат беруімен айқындалады. Сонымен бірге, бухгалтерлік есеп материалдық, еңбек және қаржы қорларын пайдалану бойынша жасалған шаруашылық операцияларын құжаттармен негіздеуді және үздіксіз (уақытында) көрсетуді талап етеді, соның арқасында көптеген және әртекті (әртүрлі) шаруашылық операциялары қорытындыланады және үйлесімді ақпараттық жүйелер түрінде көрсетіледі, ол өз кезегінде кезең

шығындарының тиімділігін арттыру мақсатында қолда бар қорлардың сақталуын және ұтымды пайдалануын қатал қадағалайтын бухгалтерлік есептің бақылау қызметін (функциясын) жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кезең шығындары жалпы және әкімшілік шығындар, өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі шығындар және қаржыландыруға арналған шығындарынан тұратындықтан кезең шығындарының тиімділігін арттыру мәселелері оның құрамдас бөліктерінің тиімділігін арттыру арқылы комплексті шешілуі керек. Сондықтан кезең шығындарының тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін (резервтерін) анықтау үшін бухгалтерлік есептің бақылау қызметтерін күшейту мақсатында жалпы және әкімшілік шығындар, өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сату жөніндегі шығындар және қаржыландыруға арналған шығындарының белгіленген есептік баптар тізбегіне сәйкес олардың сметаларын жасау керек.

Көрсетілген шығындардың сметаларын мекемелердің (кәсіпорындардың) өздері өткен есептік кезеңдегі жетістіктер мөлшерімен және кезең шығындарының әрбір баптарының (түрлерінің) одан әрі тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін пайдалануды есепке ала отырып, абсолюттік сомасы және пайыздық деңгейінде есептеп белгілейді.

Кезең шығындарының сметасымен сақтауға қол жеткізу көп жағдайда бас бухгалтер (есепші) алдын-ала шығындар болатын шаруашылық операцияларды жүргізгенге дейін сметаларды, келісім-шарттарды, тауар және ақша құжаттарын тексеру арқылы, сондай-ақ мекемелердің (кәсіпорындардың) жасаған барлық шығындарының құжаттарына қол қою кезінде бақылау жүргізу барысында мүмкін болады. Ол бұл құжаттарға алдағы болатын шығындарды белгіленген сметадағы лимиттермен салыстырғаннан кейін ғана қол қоюы керек, сонымен ол алдын-ала артық шығындар болып кету мүмкіндіктерін ескертеді. Бас бухгалтердің жасайтын алдын-ала бақылаусыз бірде бір шығынның түрі жасалуға тиіс емес. Алдағы болатын шығындарды әр бап бойынша белгіленген лимиттермен салыстыру арқы-

лы бас бухгалтер тек осы мақсатқа бекітілген қаржы мөлшерінде ғана шығындар жасауға рұқсат беруге тиіс және шығыс құжатына қол қояды, бұнымен ол жасалатын шығындардың заңдылығын, экономикалық және шаруашылық мақсатқа лайықтылығын анықтайды.

Бухгалтерлік құжаттарды дайындау кезінде нақты шығындардың белгіленген сметаларға сәйкестігін бақылап, сондай-ақ шығындардың заңдылығын, экономикалық және шаруашылық мақсатқа лайықтылығын тексере отырып, бас бухгалтер шаруашылық операцияларын жүргізу барысында қорларды (қаржыларды) ұтымсыз және ұқыпсыз жұмсау болатындай жағдайларды және артық шығындардың пайда болуын ескертіп қана қоюға тиіс емес, сонымен бірге ол сметада қарастырылған шығындарды барынша үнемдеу үшін белсенді күрес жүргізуге және шығындардың тиімділігін арттырудың нақты мүмкіндіктерін (резервтерін) ашуы керек. Атап кету керек, өнімдер мен тауарларды өткізу шығындарының барлық түрлері (баптары) тікелей өткізу кәсіпорындарының өзінде пайда болады және олар өнімдер мен тауарларды тасымалдау, сақтау, өңдеу, буып-түю және өткізумен байланысты, сондықтан бухгалтерлік есепте шығындардың жекелеген түрлерінің (баптарының) сомасы мен пайыздық деңгейіне әсерін тигізетін барлық факторлар қамтылып көрсетілуге тиіс: өнім мен тауар оралымының көлемі мен құрылымы, материалдық, еңбек және қаржы қорларының пайдалану дәрежесі, тауарлық-материалдық қорлардың сақталуы және басқалар. Мұнда бухгалтерлік есептің – негізгі ақпарат көзінің - экономикалық өсу факторларын күшейтудегі рөлін көтеру керек, бұған көлік құралдарын және негізгі қорларды пайдаланудың тиімділігін арттыру, айналым қаражаттарының айналымын жеделдету, еңбек өнімділігін арттыру, тауарларды өткізу шығындарының құрамындағы материалдық шығындарды төмендету және т.б. жатады. Ол үшін есептік ақпараттарды компьютерлік өңдеу негізінде бухгалтерлік есептің жеделдігін (оперативтілігін) көтеру, оның талдамалылығын кеңейту және бақылау қызметтерін (функцияларын) күшейту қажет. Сондай-ақ мекемелер

мен кәсіпорындардың материалдық, еңбек және қаржы қорларын үнемді пайдалану мүмкіндіктерін уақытында айқындау мақсатында негізгі қорлардың, айналым құралдарын және еңбек ресурстарын қолданудың нәтижелерін жедел және терең экономикалық талдау жасап, мөлшерлерден (нормативтерден) тыс артық тауарлық-материалдық құндылықтарды анықтап, уақытында қолда бар барлық ресурстардың тиімді пайдалану жолдарын қарастыру керек.

Атап кету қажет, кәсіпорындардағы тауарлық-материалдық құндылықтардың жетіспеушілігін, ұрлануын (қымқыруын), ысырапталуын және пайдаланудағы иесіздік пен қанағатсыздық фактілерді және басқа да әр түрлі шығындарды бухгалтерлік есептің қалушылық пен жетілмегендігі және оның бақылау қызметінің нашарлауымен әділетті байланыстырады, себебі мұндай жағдайда ол кәсіпорынның тауарлық-материалдық қорларына, ақша және басқа да қаржыларына тиісті бақылау жасауды қамтамасыз ете алмайды. Былайша айтқанда, қорларды пайдалану мақсатқа сәйкесті және тиімді ме, өнім мен тауар айналымы көлемшің өсуі оларды өткізу шығындарының аз мөлшерімен қамтамасыз етіле ме, немесе жасалған шығындардың тиімділігі артты ма және басқа да мәселелерді тек бухгалтерлік ақпарат негізінде ғана бақылауға болады.

Өнімдер мен тауарларды өткізу шығындарының тиімділігін арттыруда бухгалтерлік есептің рөлін күшейту үшін аталған шығындардың әрбір бабын (түрін) жеке күнделікті қатал есеп пен бақылауға алудың маңызы зор.

Өнімдер мен тауарларды өткізу шығындарының құрамы (баптары) көптеген факторлардың әсерінен қалыптасатын болғандықтан, кезең шығындарының әрбір түрінің (бабының) тиімділігін арттыру мен үнемдеу жолдары өзгеше, сондықтан күнделікті қатал бухгалтерлік бақылауды мынандай бағыптарда жасауға объективті қажеттілік туындайды:

- *жүк тиеу-түсіру және тасымалдау жұмыстарының көлеміне қосып жазуды жою, автокөлікті қарқынды пайдалану (автомашинаның бос тұруын қысқарту, оның жүк көтерімділігін пайдалану шама-*

сын арттыру, жұмыс уақытын (сменасын) ұзарту) арқылы көлік құралдарын пайдалану тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін көлік құжаттарын дұрыс жасауды;

- *саудамен шұғылданатын мекеме қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттыруды, еңбекақы төлеу қорын дұрыс пайдалануды, белгіленген тәртіп пен лауазымдық жалақыны сақтауды, еңбекті дұрыс бағалау және оны еңбек жағдайының өзгеруіне қарай уақытында қайта қарауды, еңбек қорларын (ресурстарын) пайдалануды жақсартуды;*

- *бекітілген ставка мен жалға беру келісім-шартқа сәйкес жалға алынған жайлар үшін төлеуге ұсынылған жал ақы сомасының дұрыстығын; әрбір кәсіпорыны (дүкен, дүңгіршек, қойма, база, т.б.) бойынша электр қуатын, отын және жайларды ұстауға байланысты жұмсалған әртүрлі материалдық шығындардың белгіленген сметаларын (нормаларын, лимиттерін) бұзбауды*

- *өнімдер мен тауарларды сақтау, өңдеу, сұрыптау, буып-түю және таңбалауға жұмсалған материалдардың (орауыш қағаз, пакеттер, жіптер, шегелер, жаңқалар, үгінділер, сабандар, сымдар және т.с.с.) және тоңа-зытқыш жабдықтарды ұстау (электр қуаты, аммиак, фреон, жөңдеуге керек қосалқы бөлшектер және т.б.) шығындарының белгіленген сметаларын (нормаларын, лимиттерін) сақтауды (бұзбауды);*

- *тауарлық-материалдық қорлардың сақталуын қамтамасыз ету және тауарлық ысыраптарды, технологиялық қалдықтарды, ыдыстар бойынша шығындар мен жоғалтуларды азайту мақсатында олардың күйін жақсарту, қозғалысы мен айналымын жылдамдату.*

Өнімдер мен тауарларды өткізу шығындарының тиімділігін арттыру мақсатындағы бухгалтерлік есептің жоғарыда қаралған міндеттерін ойдағыдай орындау үшін қызметкерлердің материалдық қорларды (ресурстарды) белгіленген сметалардан (нормалардан, лимиттерден) тыс жұмсағаны үшін материалдық жауапкершілік жүйесін жасап енгізу қажет. Бұл жерде кәсіпорындардың тауарлық-материалдық қорларының, ақша және басқа да ресурстарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында материал-

дық жауапты тұлғалардың жауапкершіліктерін арттыру және зерделі еңбек тәртібін күшейтуді, ұқыптылық пен үнемділік рухында тәрбиелік жұмыс жүргізу үшін бухгалтерлік есеп ақпараттарын пайдалану өте маңызды.

Кезең шығындарының тиімділігін арттыру үшін жалпы және әкімшілік шығындар мен қаржыландыруға арналған шығындарын барынша азайтудың үлкен маңызы бар. Көрсетілген шығындарды барынша үнемдеу мақсатына жету үшін кәсіп-орындар жалпы және әкімшілік шығындар мен қаржыландыруға арналған шығындардың белгіленген есептік баптар тізбегіне сәйкес смета жасап, оны бекіту қажет және сметалық-қаржылық тәртіпті сақтау үшін қатал бақылау қою керек. Мұндайда бас бухгалтердің рөлі есепті ұйымдастырушы ретінде тек сметадан тыс, артық шығындар жасауға тыйым салумен ғана шектелмейді, ол сметамен қарастырылған шығындардың әрбір

түрінің (бабының) тиімділігін арттыруға және мекемелердің жалпы және әкімшілік басқару аппаратын ұстау шығындарын барынша қысқартуға жасалған шаралардың орындалуы үшін белсенді күрес жүргізуге тиіс. Жалпы және әкімшілік шығындарының тиімділігін арттырудағы бухгалтерлік есептің рөлін күшейту жолдары жоғарыда қаралған өнімдер мен тауарларды өткізу шығындарындағыдай.

Кезең шығындарының тиімділігін арттыру үшін банктер мен банк емес ұйымдардың несиелеріне (қарыздарына) сыйақы төлеуде артық шығындар жасамауды ескерту мақсатында ықпалды шаралар қолдану қажет. Банктер мен банк емес ұйымдардың несиелері (қарыздары) үшін сыйақы төлеу шығындарының үнемдеу мақсатында бухгалтерлік есеп ақпараттары негізінде сатып алынған тауарлар үшін төлемдерде меншікті қаржылардың қатысу үлесін кебейтуге, сондай-ақ тауарлық-материалдық қорлар үшін есептесуді және тауар айналымын жылдамдату мақсатында оларды жеткізу мен өткізуге жасалған келісім-шартқа сәйкес тауарлық-материалдық қорларды уақытында алуға күнделікті қатал бақылау жасау керек. Бұның бәрі банктер мен банк емес ұйымдардың берген несиелерді (қарыздарды) пайдалану мерзімін қысқартуды және тиісінше берілген

несиелер (қарыздар) үшін сыйақы төлеу шығындарын азайтуға мүмкіндік туғызады.

Сондай-ақ мүліктерді жалға алу, алынған депозиттер мен шығарылған бағалы қағаздар және басқа заңды субъектер (банктен басқа) мен жеке тұлғалардан кәсіпорынның алған қарыздары бойынша төленетін сыйақыларды (мүдделерді) дұрыс есептеу мен төлеуге қатал бақылау жасау қажет.

Кезең шығындарының тиімділігін арттыруда келесі (кейін-нен жүргізілетін) бақылау ерекше рөл ойнайды. Ол бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша экономикалық талдау, құжаттық тексеру және ведомстволық және банк, қаржы және аудиторлық органдарының жүргізген тексерулері арқылы жүргізіледі. Материалдық, еңбек және қаржы қорларын ұтымды пайдаланбау және иесіздік фактлерін, өнімсіз (босқа кеткен) шығындарды уақытында табу – кәсіпорындар шығындарының тиімділігін арттырудағы бухгалтерлік есептің негізгі міндеттерінің бірі. Бухгалтерлік есеп кәсіпорынның жұмысындағы кемшіліктер мен жіберген қателіктерді (салақтылықты) ескерте отырып, мекемедегі шығындардың жекелеген түрлерінің тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін (резервтерін) анықтауға көмектесетін экономикалық талдауға бағалы ақпарат (мәлімет) береді.

Қорытынды экономикалық көрсеткіштерді көрсететін бухгалтерлік есептің ақпараты жасалған шаруашылық-қаржы опирацияларының заңдылығын, кәсіпорын қызметінің барысы мен нәтежелерін білуге көмектесе отырып, ол басқару мен бақылаудың маңызды тәсілі (әдісі) және кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелілігін көтеруге белсенді ықпал жасайтын құрал болып табылады.

Көріп отырғандай, қазіргі еліміздің нарықтық экономика жағдайында бухгалтерлік есептің рөлін шаруашылық операциялары мен кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін тек жай ғана тіркеу қызметін (функциясын) атқарушы және басқа ішкі және сыртқы пайданушылар үшін экономикалық ақпарат жеткізуші ретінде ғана қарауға болмайды. Бухгалтерлік есеп артық кеткен шығындарды, қорларды (қаржыларды) ұтымсыз жұмсау (пайдалану)

фактілерін айқындауға белсене қатысуы қажет және оларды ескерте отырып, ол әкімшілік кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелігін жақсарту мақсатында материалдық, еңбек және қаржы қорларын тиімді пайдалануға қысқа және ұзақ мерзімді экономикалық әсерлі шешімдер қабылдауға мүмкіндік туғызады.

Бухгалтерлік есептің осы және басқа да міндеттерін ойдағындай орындау үшін материалдық, еңбек және қаржы қорларын жұмсау жөніндегі шаруашылық операцияларын рәсімдеудің бастапқы құжаттарын, оларды есептік тіркелімде (регистрде) жүйелеу және әртүрлі есептеменің талдау мүмкіншіліктерін арттыра отырып, қорытындылауды жетілдіру керек, сондай-ақ меншік түрі мен ведомстволық бағынушылығына карамастан кәсіпорындар шығындарының жеке түрлерінің (белгіленген есептік баптар тізбегіне сәйкес) бухгалтерлік есебінің бірыңғай ғылыми негізделген әдістемесін қолдануы қажет. Мұның бәрі шығындардың тиімділігін арттыруға, жасалған шығындардың өзін өзі өтеуді қамтамасыз етуге және кәсіпорындардың шаруашылық қызметін қаржыландыруға, халыққа қызмет көрсетуді мұнан әрі дамыту мен жақсартуға қажетті табыс табуға мүмкіндік туғызады.

ӘДЕБИЕТ

1 ҚР Заңы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру» туралы №185. 23.05.2007.

2 Абленов Д.О. Аудит негіздері. – Алматы: Экономика. 2005.

3 Назарова Н.А. Шаруашылық жүргізуші субъектілердегі бухгалтерлік есеп. – Алматы: Экономика, 2005.

4 Толпаков Ж.С. Бухгалтерлік есеп. I бөлім. – Қарағанды: «Қарағанды полиграфиясы» АҚ, 2009.

Резюме

Информация бухгалтерского учета, отражающая обобщающие экономические показатели, при помощи которых познаются законность совершения финансово-хозяйственных операций, ход и результаты деятельности предприятия, является важнейшим средством управления, контроля и орудием активного воздействия на повышение эффективности организаций и предприятий торговли.

Conclusion

Information of the accounting, reflecting generalized economic factors with the help of which the legality of committing financial and transaction operations, progress and results of enterprise activity are cognized and is the most important way for managing, monitoring and have an active impact on increasing effectiveness of organizations and enterprises of trade.

ПОДГОТОВКА И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕКТРОННОГО УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОГО КОМПЛЕКСА ДИСЦИПЛИН В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Бектурганова Р.Ч., Жандарбекова Г.Б.

Главная задача процесса информатизации современного общества состоит в обеспечении через сферу образования освоения теории и практики использования современных информационных технологий, способствующих развитию альтернативного мышления, формированию умений разрабатывать стратегию поиска решения как учебных, так и практических задач, прогнозировать и анализировать результаты принятых решений на основе моделирования ин-

формационных процессов, явлений, взаимосвязей между ними. Так, например, Каланова Ш.М. отмечает, что «...ведущим звеном процесса информатизации образования выступает изменение его целей и содержания. Технологическое переоснащение учебного процесса, появление новых методов и организационных форм обучения является производным, обеспечивающим достижение выдвигаемых целей. Изменение содержания обучения идет по нескольким направлениям,